

6B01703 – ОРЫС ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

Білім беру бағдарламасының мақсаты:

Орта білім мазмұнын заманауи инновациялық технологиялар негізінде жаңарту жағдайында сапалы білім беретін, қажетті білімі мен дағдылары бар жеке тұлға ретінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінен бәсекеге қабілетті мұғалімдер құрамын даярлау.

1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуды мақсат етеді.

Құндылықтары:

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгертін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға

1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Орыс тілі ресми мәртебеге ие, ұлтаралық қатынас тілі болып табылады, маңызды әлеуметтік және гуманитарлық функцияларды орындайды.

Бағдарлама Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі – білім беру саласындағы педагогикалық, жобалау және ғылыми-зерттеу қызметін орындау үшін қажетті әмбебап, жалпы кәсіптік және кәсіптік құзыреттілігі бар маман ретінде кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті маманды дайындауға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы орыс тілі мұғалімдеріне қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған. Білім беру бағдарламасының мақсаттарын қалыптастырудағы басымдықтар қазақстандық және халықаралық еңбек нарығында сұранысқа ие бәсекеге қабілетті маманды дайындаумен байланысты;

өмір бойы өз кәсібінде жетілуге дайын инновациялық және креативті ойлайтын бакалаврларды дайындау. Осыған байланысты еңбек нарығында орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне қажеттілік әрдайым жоғары.

1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	1. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті 2. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	Орыс тілінде оқытпайтын мектептеріндегі орыс тілі мен әдебиеті

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

1. Ресей мемлекеттік педагогикалық университеті (бейін- филология, 4 жыл, 55% сәйкес келеді.).

2. Федералды мемлекеттік автономды Жоғары білім беру мекемесі «Оңтүстік федералды университеті». Оқыту бағыты 44.03.05 Педагогикалық білім (екі оқу профилімен: орыс тілі мен әдебиеті, 58% сәйкес келеді).

3. Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті (бағыт- орыс тілі мен әдебиеті, 4 жыл, 67% сәйкес келеді.).

1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТИҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

6B01703 – Орыс тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

- білім беру;
- ғылыми- әдістемелік;
- әлеуметтік- педагогикалық;
- тәрбиелеу;
- мәдени-ағартушылық;
- басқарушылық.

Жұмысқа орналасу мүмкіндіктері:

- орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі;
- орыс тілі мен әдебиеті оқытушысы;
- әдеби редактор;
- ғылыми аудармашы-референт.

1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

1. Білім беру бағдарламасы бойынша оқытындар лингвистикалық және филологиялық білімдері мол білімді, зерттеу жұмыстарын жүргізе алады және сонымен бірге кез келген деңгейдегі студенттерге орыс тілін үйретеді.

2. Білім беру бағдарламасының түлектері өзгерістер агенттері, «Цифрлық мұғалім» және педагогикалық дизайнның (дидактиканың) соңғы жетістіктерін өз жұмысымда пайдалана отырып, бірегей инновациялық мазмұнды жасаймын.

3. Білім беру бағдарламасының студенттері медиа мәтіндермен жұмыс істей алады, жанрлық талдау және көркем мәтінді өңдеу әдістерін меңгереді.

1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН 1 - Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

ОН 2 - Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

ОН 3 - Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

ОН 4 – Ой-өрісі кең және ойлау мәдениеті жоғары білімді тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тіл білімі мен әдебиеттану саласында базалық білімі бар.

ОН 5 - Өзінің педагогикалық және ғылыми-зерттеу қызметіндегі орыс тілі мен әдебиеті тарихы теориясы мен тарихы саласындағы негізгі ережелер мен тұжырымдамаларды пайдаланады.

ОН 6 - Тілдік-әдеби талдаудың принциптері мен әдіснамалық тәсілдерінің нақты материалға сәйкестігін талдап, анықтайды.

ОН 7 - Орыс тілі мен әдебиетін оқытуда заманауи интерактивті технологияларды, әдістер мен жаңа тәсілдер қолданады; коммуникативтік-белсенділік тәсілі негізінде өзіндік оқу-әдістемелік материалды әзірлейді.

ОН 8 - Әдістеме ғылымының жаңа жетістіктерін, филология пәндерін оқыту саласындағы озық педагогикалық тәжірибені сыни тұрғыдан талдап, жұмысында пайдаланады, оқу-кәсіби іс-әрекетін талдап, зерделейді.

ОН 9 - Оқу процесін үлгілейді және жүзеге асырады; танымдық қызығушылық деңгейін арттыруға бағытталған орыс тілі мен әдебиетінен сыныптан тыс жұмыстарға арналған материалдар әзірлейді.

ОН 10 - Оқушылардың оқу нәтижелерін талдап, орыс тілі мен әдебиеті бойынша оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі бойынша бағалайды.

ОН 11 - Оқыту саласындағы қолданыстағы әдістер мен жаңалықтар негізінде орыс тілі мен әдебиеті бойынша сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстарға арналған оқу-әдістемелік материалдар әзірлейді.

ОН 12 - Өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын және кәсіби қызметті жүзеге асыруға деген ынтасын түсінеді.

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН10	ОН11	ОН12
ТА1		+		+	+	+	+	+	+	+	+	+
ТА 2	+	+							+			
ТА 3				+	+	+	+	+			+	
ТА 4			+	+			+	+			+	
ТА 5					+	+				+		+
ТА 6	+		+							+		+

1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

1) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

2) "Педагог" кәсіптік стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы.

3) «Педагогикалық Ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы 27.03.2023 №125 Бұйрық.